

Бекітемін:
«Әсем» бөбекжай
балабақша менгерушісі
_____ **Ә.Т.Дөнен**

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және Мектепке дейінгі тәрбие мен
оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде
2022 - 2023 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

Білім беру ұйымы «Әсем» бөбекжай балабақша

Топ: органды «Балапан» топ

Балалардың жасы: 3 жастан

Жоспардың құрылу кезеңі: ақпан айы, 2022-2023 оқу жылы.

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Ақпан	Дене шынықтыру	<ul style="list-style-type: none">- дене жаттығуларын орындауға қызығушылықтарын ояту;- негізгі қимыл түрлері: еңбектеу, өрмелеу дағдыларын жетілдіру;- мәдени-гигиеналық дағдыларды қалыптастыру;- қимылдарды белсенді орындауды дамыту және қимылдарды үйлестіру,- дене жаттығуларына қызығушылыққа баулу;- денсаулықты нығайтуға ықпал ететін дене сапаларын: ептілік

	<p>пен шапшаңдықты дамыту;</p> <ul style="list-style-type: none"> - құрдастарымен қымылды ойындарды бірге ойнауға, өзара он қарым-қатынас жасауға баулу; - спорттық жабдықтарды қолдануда қауіпсіздікті қамтамасыз ету. <p>Еңбектеу, өрмелеу. 4-6 метр қашықтыққа тұра бағытта, заттарды айналып және заттардың арасымен еңбектеу, еденге қойылған тақтай бойымен, арқанның, доғаның астымен (биіктігі 40 сантиметр), көлбеу модуль бойымен, туннель арқылы еңбектеу; саты бойымен өрмелеу, гимнастикалық қабыргаға өрмелеу және одан түсу (биіктігі 1,5 метр).</p> <p>Жалпы дамытушы жаттығулар.</p> <ul style="list-style-type: none"> - допты бір-біріне басынан жоғары (артқа және алға) беру, жанжаққа (солға- онға) бұрылу; - солға, онға бұрылу (отырған қалыпта); - аяқты көтеру және түсіру, аяқтарды қозғалту (шалқасынан жатқан қалыпта); <p>Спорттық жаттығулар.</p> <p>Шанамен сырғанау. Шанамен бір-бірін сырғанату; биік емес төбеден сырғанау.</p> <p>Жұзу және гидроаэробика элементтері. Суға түсу, жүгіру, ойнау, суда билеу. Жұзуді үйрету (тиісті жағдайлар болған кезде).</p> <p>Мәдени-гигиеналық дағдыларды қалыптастыру.</p>
--	--

Күнделікті өмірде гигиеналық дағдыларды сақтау қажеттігін білу.

Балаларды сыртқы келбетін бақылауға үйрету; сабынды дұрыс қолдануды, қолды, бетті, құлақты тазалап жууды, жуынғаннан кейін құрғатып сұртууді, орамалды орнына ілуді, тарақты және қол орамалды пайдалануды үйрету.

Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдылары.

Өзіне-өзі қызмет көрсетуге деген ұмтылысын қолдау: белгілі реттілікпен киінуге және шешінуге, тісті тазалауға, ұқыптылыққа, киіміндегі олқылықтарды байқауға, оларды ересектің көмегімен немесе өз бетінше реттеуге, ас ішу құралдарын орнымен қолдануға баулу.

Салауатты өмір салты дағдыларын қалыптастыру.

Дене белсенділігі (таңертеңгі жаттығу, шынықтыру, спорттық және қимылды ойындар) мен үйқының пайдасы туралы түсінік қалыптастыру.

Сауықтыру-шынықтыру шаралары.

Балалардың денсаулығын және жергілікті жағдайларды ескере отырып, табиғи факторлар: ауа, күн, суды пайдалана отырып, шынықтыру шараларының кешенін жүзеге асыру.

Балаларды үй-жайда женіл киіммен жүргүре үйрету. Күн тәртібіне сәйкес олардың таза ауада болу ұзақтығын қамтамасыз ету.

Серуенде қимылды ойындар мен дене жаттығуларына қатысуға

	<p>қызығушылықты арттыру.</p> <p>Шынықтыру шараларын жүргізуде балалардың денсаулық жағдайын ескере отырып, жеке тәсілді жүзеге асыру.</p> <p>Шынықтыру шараларын жүргізу, жаттығулар мен массаж жасау.</p> <p>Күн тәртібіне сәйкес балалардың күнделікті таза ауада болуын қамтамасыз ету. Ересектің көмегімен шынықтыру тәсілдерін орындау дағдыларын қалыптастыру. Тыныс алу жаттығуларын жасау.</p>
Сөйлеуді дамыту	<ul style="list-style-type: none"> - балаларды өз бетінше сөйлеуге үйрету; - түрлі балалар әрекетінде балалардың бір-бірімен сөйлесуіне жағдай жасау; әрбір баланың қызығушылығына мән беру, сұрақтарына жауап беру, жеке сөйлесу; - дидактикалық және дамытушы ойындарды, жаттығуларды қолдану арқылы сөздік қорды байыту; - шешендікке, әдеби тілде сөйлеуге баулу; - артикуляциялық және дауыс аппаратының, есту қабілетінің дамуына ықпал ету; - қазақ халық ауыз әдебиеті шығармаларымен, салт-дәстүрлерімен, мәдениетімен таныстыру; - қарым-қатынас мәдениетіне, көркем қабылдау мен эстетикалық талғамға тәрбиелеу; <p>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.</p>

	<p>Кейбір дауыссыз (п-б, к-қ, т-д,) дыбыстарды анық айту, дыбыстардың артикуляциясын нақтылау және бекіту, дыбыстардың артикуляциясын нақтылау және бекіту, артикуляциялық аппаратты дамыту.</p> <p>Сөздік қор</p> <p>Балалардың сөздік қорын ойындар мен ойын жаттығулары арқылы кеңейту, сөздік қорды заттардың сапасы мен қасиеттерін білдіретін, заттарды жалпы (қоршаған орта, мамандық түрлері, мамандықтардың құралдары, техника, жиһаз, денсаулық) және ерекше белгілері бойынша жалпылаушы сөздермен байыту.</p>
Қазақ тілі	<ul style="list-style-type: none"> - балаларды өз бетінше сөйлеуге үйрету; - түрлі балалар әрекетінде балалардың бір-бірімен сөйлесуіне жағдай жасау; әрбір баланың қызығушылығына мән беру, сұрақтарына жауап беру, жеке сөйлесу; - дидактикалық және дамытушы ойындарды, жаттығуларды қолдану арқылы сөздік қорды байыту. <p>Тілдік дамытушы орта.</p> <p>Балалардың ересектермен және құрдастарымен қарым-қатынас жасаудың жағдай жасау: бір-бірімен күнделікті еркін ойында, дербес әрекеттерде ауызекі сөйлесуге, бірлескен әрекеттері туралы келісуге, ортақ тақырыпта әңгімелесуге, сұрақтарға жауап</p>

беруге, өз бетінше кітаптарды қарауға, өзінің алған әсері мен қалауын білдіруге, сәлемдесуде, өтінішін, ырзашылығын білдіруде сыпайы сөйлеу әдебін сактауға, құрдастарын есімімен толық, дұрыс атауға баулу.

Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.

Артикуляциялық және дыбыстық аппаратты, сөйлеу кезінде тыныс алуды, естуді дамыту. Көрнекілікпен немесе көрнекіліксіз өзіне айтылған сөзді тыңдау және түсінуді дамыту. Қазақ тіліне тән ә, ө, қ, ү, ұ дыбыстарын өздігінен дұрыс айтуда баулу.

Сөздік қор.

Коршаған ортадағы күнделікті жиі қолданылатын туыстық қатынасқа байланысты сөздерді («бөле», «аға», «апа», «іні», «қарындас»), түрмистық заттардың, жемістердің, жануарлардың, төрт түліктің атауларын айту және түсіну дағдыларын қалыптастыру.

Баланың сөздік қорын дамытуда, санамақтар, тақпақтар, жаңылтпаштарды жаттауға баулу.

Тілдің грамматикалық құрылымы.

Жуан және жінішке түбір сөздерді ажырату, оларды көпші түрде қолдануға үйрету. Бұйрық райлы етістіктерді жекелей қолдануға баулу (бар, кел, айт).

Сөздерді байланыстырып, сөз тіркестерін құрастыруға (зат есім

	<p>және сын есім, зат есім және етістік) үйрету.</p> <p>Байланыстырып сөйлеу.</p> <p>Ауызекі сөйлеудің қарапайым түрлерін менгерту, балалардың өздеріне айтылған сөзді, пікірді түсінуін қалыптастыру, алдын ала үйретілген сөйлеу ұлгілерін есте сақтап, әңгімелесе білуге баулу.</p> <p>Ойыншықтар мен заттарды қарастыра отырып, сұрақтарға жауап беруге, оларды жай сөйлемдермен сипаттап айтып беруге баулу.</p> <p>Таныс ертегілер мен шағын шығармалардың мазмұны бойынша алдымен сұрақтарға жауап беруге, кейіннен өздігінен қайталап айтуға баулу.</p>
Көркем әдебиет	<ul style="list-style-type: none"> - шешендікке, әдеби тілде сөйлеуге баулу; - қазақ халық ауыз әдебиеті шығармаларымен, салт-дәстүрлерімен, мәдениетімен таныстыру; - қарым-қатынас мәдениетіне, көркем қабылдау мен эстетикалық талғамға тәрбиелеу. <p>Қысқа тақпақтар мен санамақтар, жаңылтпаштарды жатқа айтуды үйрету.</p> <p>Таныс ертегілер мен шағын шығармалардың мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беруді және мазмұнын өз бетінше қайталап айтуды үйрету.</p> <p>Сюжетті эмоционалды қабылдауды, кейіпкерлерге</p>

		жанашырлық танытуды үйрету.
Математика негіздері		<ul style="list-style-type: none"> - қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру; - бақылау арқылы қоршаган орта заттарының санын, пішінін, шамасын, - олардың кеңістікте орналасуын ажыратуға үйрету; - заттарды зерттеуге қызығушылықты ояту, жаңаны тануға, өзіне - сенімділікке баулу; - командада жұмыс істей білуге дағдыландыру; - көрнекі-қимылдық ойлауды және шығармашылық қиялдауды дамыту. <p>Геометриялық фигуралар.</p> <p>Балаларды геометриялық фигуралармен: үшбұрыш, шаршы, дөңгелекпен таныстыру, ұстай және көру тәсілдері арқылы аталған фигураларды зерттеуге мүмкіндік беру.</p>
Қоршаган ортамен таныстыру		<ul style="list-style-type: none"> - балаларды қоршаган ортадағы заттардың атауларымен және олардың міндеттерімен таныстыру, таныс заттарды ажыратуға үйрету; - отбасына, туған өлкесіне, Отанға деген сүйіспеншілікке, ересектерге құрмет көрсете білуге, кішілерге жанашыр болуға тәрбиелеу; - еңбектің нәтижесіне құрметпен қарауға тәрбиелеу, көмек

	<p>көрсету ниеттерін қолдау;</p> <ul style="list-style-type: none"> - тірі және өлі табиғат туралы білімдерін байыту; - табиғатта қауіпсіздікті сактау (саңырауқұлактар мен жидектер жемеу, жануарларға тиіспеу); - құммен, сумен, қармен, ұсақ заттармен ойындарда қауіпсіз әрекет ету дағдыларын қалыптастыру (оларды ауызға алмау, құмды шашпау, заттарды құлаққа, мұрынға тықпау); - табиғатқа сүйіспеншілікке және қамқорлық жасауға баулу.
Құрастыру	<ul style="list-style-type: none"> - балалардың қалауы бойынша материалдарды, бейнелеу техникасын (саусақпен, алақанмен, мақтамен, сазбалшықпен, ермексазбен, қағазбен) таңдауға мүмкіндік беру; - өнер туындыларына, қоршаган шынайы әлемнің эстетикалық жағына қызығушылықты тәрбиелеу; - бейнелеу әрекеті барысында қауіпсіздікті сактауға және еңбекқорлыққа, ұқыптылыққа баулу. <p>Құрастырган құрылышпен сюжетті ойыншықтарды қолданып ойнату.</p>
Сурет салу	<ul style="list-style-type: none"> - қарапайым заттарды, құбылыстарды, пішіндерді, түстерді, бөліктердің орналасуын бере отырып, бейнелеу дағдыларын қалыптастыру, көз бен қолдың үйлесімін дамыту; - қазақ халқының өнер туындыларымен, сәндік-қолданбалы өнерімен таныстыру.

		<p>Бір заттың немесе түрлі заттардың суретін салуды қайталай отырып, қарапайым сюжеттік композициялар жасауға үйрету, тұтас қағаз парагына бейнені орналастыру, қызыл, сары, жасыл, көк, қара, ақ негізгі түстер мен олардың реңктерін (қызғылт, көгілдір, сұр) қолдану.</p>
	Мұсіндеу	<ul style="list-style-type: none"> - бейнелеу әрекетін балалардың қызығушылықтарын ескере отырып, ұйымдастыру, балаларға бейнелейтін заттарды өз бетінше зерттеуге мүмкіндік беру; - қазақ халқының өнер туындыларымен, сәндік-қолданбалы өнерімен таныстыру. <p>Бірнеше бөліктерді қосу, қысу, біріктіру арқылы өсімдіктерді және жануарларды мұсіндеу дағдыларын қалыптастыру.</p>
	Жапсыру	<ul style="list-style-type: none"> - бейнелеу әрекеті мен оның нәтижесіне эмоционалды жағымды қарым қатынас орнату; - қазақ халқының өнер туындыларымен, сәндік-қолданбалы өнерімен таныстыру. <p>Жапсыруда табиғи материалдарды және қағазды түрлендіру әдістерін (жырту, умаждау, бұктеу, қатпарлау) қолдану.</p>
	Музыка	<ul style="list-style-type: none"> - музыкаға, бейнелеу өнеріне қызығушылықты қалыптастыру, шығармашылық ойлауы мен қиялдауын дамыту; <p>Музыканы эмоционалды көніл-күймен қабылдауға баулу.</p>

Музыкалық жанрлар: ән, би, маршпен таныстыру.

Музыка тыңдау.

Музыкалық ойыншықтар мен балалар музыка аспаптарының (музыкалық балға, сылдырмақ, барабан, металлофон, маракас, асатаяқ, түяқ, сырнай) дыбысталуын ажырата білуді жетілдіру. Түрлі сипаттағы әндердің мазмұны мен көңіл қүйін қабылдай білуді қалыптастыру; әннің мазмұнын түсіну.

Ән айту.

Аспаптың сүйемелдеуіне, ересектердің дауысына ілесе отырып, олармен бірге ән айту, әнді бірге бастап, бірге аяқтау.

Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар.

Музыкалық шығармалар мен өртегі кейіпкерлерінің қимылдарын мәнерлі және эмоционалды жеткізу дағдыларын дамыту: аю қорбандал жүреді, қоян секіреді, құстар ұшады.

Әдіскер:

А.А.Сулейменова